

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1384 Қаулысы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған:

вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;
туберкулезбен ауыратындар үшін туберкулезге қарсы препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;
қант диабетімен ауыратындар үшін диабетке қарсы препараттарды және жеткізіп беру құралдарын сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын б ө л у ;

онкологиялық аурулармен ауыратындар үшін химиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

бүйрек кемістігі бар аурулар үшін дәрілік заттар, шығыс материалдары мен жинақтаушылары бар диализаторлар, сондай-ақ бүйрегін ауыстырып қондырған наукастарға дәрілік заттар сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ағымдағы нысаналы трансферттердің бекітілген сомасын аударуды қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомасын уақтылы және мақсатты п а й д а л а н у д ы ;

2) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомасын пайдалану туралы есептерді есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 1384 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі

Осы Ереже 028 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" республикалық бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібін айқындайды.

1. 2005 жылға арналған болжамды бағаларды ескере отырып, дәрілік заттардың, вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттардың бірыңғай номенклатурасын, сондай-ақ олардың көлемін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі айқындайды.

2. Дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың бірыңғай ұйымдастырушысы болып Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі әрекет етеді. Конкурстық комиссияның құрамына облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтауды басқару (дәрілік заттарды сатып алу кезінде) және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау (вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сатып алу кезінде) органдарының өкілдері енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен дәрілік заттар бойынша конкурстың (баға ұсыныстарының сұранымын немесе бір көзден мемлекеттік сатып алуды пайдалана отырып жеткізушіні іріктеу) қорытындылары туралы хаттаманы дәрілік заттар бойынша облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау департаменттеріне (басқармаларына), вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттар бойынша облыстық, Астана және Алматы қалаларының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменттеріне (басқармаларына) жібереді.

4. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау департаменттері (басқармалары) мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменттері (басқармалары) заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде:

мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды жүзеге асырады; қазынашылық органдарда мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың тіркелуі және олардың одан әрі орындалуы жөніндегі шараларды қабылдайды; дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды соңғы алушыларды айқындайды; дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды пайдалану мониторингін жүзеге асырады.

5. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау департаменттері (басқармалары) мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменттері (басқармалары) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жасалуы және орындалуы туралы есептерді ұсынады.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өткізілген конкурстардың қорытындылары бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды қосымша сатып алуды жүзеге асыруы мүмкін.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қажетті есептерді ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1384 қаулысымен

бекітілген

**Онкологиялық аурулармен ауыратындар үшін
химиялық препараттарды сатып алуға
берілетін ағымдағы нысаналы**

трансферттердің сомасын бөлу

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.11. N 1016

қаулысымен.

Атауы	Сомасы, мың теңге
Ақмола облысы	40702,9
Ақтөбе облысы	31482,5
Алматы облысы	95594,0
Атырау облысы	36865,5

Шығыс Қазақстан облысы	112279,8
Жамбыл облысы	40347,8
Батыс Қазақстан облысы	38468,4
Қарағанды облысы	36776,3
Қостанай облысы	37418,2
Қызылорда облысы	41152,0
Маңғыстау облысы	17583,7
Павлодар облысы	36550,0
Солтүстік Қазақстан облысы	44103,7
Оңтүстік Қазақстан облысы	50646,5
Астана қаласы	31380,1
Алматы қаласы	86944,6
Барлығы:	778296,0

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1384 қаулысымен

бекітілген

**Қант диабетімен ауыратындар үшін диабетке
қарсы препараттарды және жеткізу құралдарын
сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы
трансферттердің сомасын бөлу**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.11. N 1016

қаулысымен.

Атауы	Сомасы, мың теңге
Ақмола облысы	62205,0
Ақтөбе облысы	29879,0
Алматы облысы	115875,0
Атырау облысы	30479,0
Шығыс Қазақстан облысы	197708,0
Жамбыл облысы	93846,0
Батыс Қазақстан облысы	44732,0
Қарағанды облысы	151408,0
Қостанай облысы	101311,0
Қызылорда облысы	13833,0
Маңғыстау облысы	14124,0

Павлодар облысы	51031,0
Солтүстік Қазақстан облысы	78836,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	187522,0
Астана қаласы	42741,0
Алматы қаласы	197894,0
Барлығы:	1413424,0

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1384 қаулысымен

бекітілген

**Туберкулезбен ауыратындарға арналған
туберкулезге қарсы препараттарды
сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы
трансферттердің сомасын бөлу**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.11. N 1016

қаулысымен.

Атауы	Сомасы, мың теңге
Ақмола облысы	25673,1
Ақтөбе облысы	29519,5
Алматы облысы	44402,1
Атырау облысы	18184,6
Шығыс Қазақстан облысы	35614,7
Жамбыл облысы	23929,7
Батыс Қазақстан облысы	8628,1
Қарағанды облысы	43730,0
Қостанай облысы	26282,6
Қызылорда облысы	47802,2
Маңғыстау облысы	11605,3
Павлодар облысы	15746,9
Солтүстік Қазақстан облысы	21730,5
Оңтүстік Қазақстан облысы	51124,5
Астана қаласы	16271,3
Алматы қаласы	14058,9
Барлығы:	434304,0

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1384 қаулысымен

бекітілген

**Вакциналарды және басқа да медициналық
иммундық-биологиялық препараттарды
сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы
трансферттердің сомасын бөлу**

Атауы	Сомасы, мың теңге
Барлығы:	1130770,0
Ақмола облысы	62599,0
Ақтөбе облысы	66374,0
Алматы облысы	122038,0
Атырау облысы	22457,0
Шығыс Қазақстан облысы	126838,0
Жамбыл облысы	82634,0
Батыс Қазақстан облысы	26505,0
Қарағанды облысы	92080,0
Қостанай облысы	62909,0
Қызылорда облысы	62140,0
Маңғыстау облысы	34778,0
Павлодар облысы	60529,0
Солтүстік Қазақстан облысы	44663,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	172005,0
Астана қаласы	25690,0
Алматы қаласы	66531,0

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1384 қаулысымен

бекітілген

**Бүйрек кемістігі бар ауруларға дәрілік заттар,
шығыс материалдары мен жинақтаушылары бар диализаторлар,**

сондай-ақ бүйрегін ауыстырып қондырған науқастарға дәрілік заттар сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.11. N 1016

қаулысымен.

Атауы	Сомасы, мың теңге
Ақмола облысы	18126,8
Ақтөбе облысы	30452,9
Алматы облысы	34757,7
Атырау облысы	14163,0
Шығыс Қазақстан облысы	32894,6
Жамбыл облысы	10234,4
Батыс Қазақстан облысы	11760,0
Қарағанды облысы	22196,0
Қызылорда облысы	4420,0
Қостанай облысы	12668,0
Маңғыстау облысы	11664,0
Павлодар облысы	16499,4
Солтүстік Қазақстан облысы	12552,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	26767,2
Астана қаласы	58661,0
Алматы қаласы	89134,0
Барлығы:	406951,0